

## ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Сырлыбаева Самал Руслановна

[syrlybayevas@mail.ru](mailto:syrlybayevas@mail.ru)

7M01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының II курс магистранты Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, PhD – Мугауина Г.О.

Аңдатпа. Бұл мақалада психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балаларды психологиялық- педагогикалық сүйемелдеудің теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. ПДТ балалардың даму ерекшеліктері, олардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік салаларындағы қиындықтары талданып, оларды қолдаудың тиімді әдістері ұсынылады. Сонымен қатар инклюзивті білім беру жағдайында сүйемелдеудің маңызы айқындалады.

Түйін сөздер: психикалық дамуы тежелген балалар, инклюзивті білім беру, психологиялық сүйемелдеу, педагогикалық қолдау, түзету жұмыстары.

Қазіргі білім беру жүйесінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға сапалы білім беру мәселесі өзекті болып отыр. Соның ішінде психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар ерекше назарды талап етеді. Бұл санаттағы балалардың интеллектуалдық даму қарқыны баяу болып келеді және оларда оқу процесінде, әлеуметтік бейімделуде бірқатар қиындықтар туындайды.

Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балаларды оқыту мен тәрбиелеуде тек академиялық білім берумен шектелу жеткіліксіз. Оларға кешенді түрде психологиялық- педагогикалық сүйемелдеу қажет. Бұл – баланың тұлғалық дамуын, әлеуметтенуін және білім алу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған жүйелі процесс.

Соңғы жылдары психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балаларға көмек көрсету мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Соңғы онжылдықтарда психикалық дамуы тежелген балалар санының едәуір артуы айқын байқалуда, әрі жыл сайын олардың санының өсу үрдісі сақталуда. Психикалық дамудың тежелуі – психикалық бұзылыстардың кең таралған түрлерінің бірі болып табылады [1].

Білім беру жүйесінің қазіргі даму кезеңінде әрбір баланың тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау міндеті алдыңғы қатарға қойылып отыр. Бұл міндеттер баланың психикалық және физикалық даму ерекшеліктеріне, оның мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы тұрғыда мектепке дейінгі жастағы балаларды психологиялық- педагогикалық тұрғыдан кешенді сүйемелдеуді ұйымдастыруға ерекше мән беріледі. Оның негізгі мақсаты – дамуындағы кемшіліктерді ерте анықтау және оларға кешенді емдік- сауықтыру, түзету- психологиялық көмек көрсету болып табылады [2].

Аталған үдерісте мамандандырылған оңалту орталықтарының рөлі аса маңызды. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру барысында мамандар қызметінің нақты формалары, мазмұны мен технологиялары айқындалады. Оларға кешенді диагностика, дамыту және түзету жұмыстары, педагогтерге, ата-аналарға және білім беру процесінің басқа да қатысушыларына кеңес беру мен ағартушылық жұмыстар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жеке сүйемелдеу бағдарламасын анықтау және түзету бойынша сараптамалық қызмет жатады. Бұл бағыттардың әрқайсысы біртұтас сүйемелдеу процесінің құрамдас бөлігі ретінде жүзеге асырылады және өзіне тән ерекшеліктері

мен нақты мазмұндық құрылымына ие болады.

Психикалық дамуы тежелген балалардың дамуында бірнеше ерекше белгілер байқалады:

- Танымдық процестердің баяулығы (қабылдау, ойлау, есте сақтау);
- Зейіннің тұрақсыздығы;
- Сөйлеу тілінің жеткіліксіз дамуы;
- Эмоционалдық-ерік сферасының әлсіздігі;
- Әлеуметтік қарым-қатынаста қиындықтар.

Бұл балалар ақпаратты баяу қабылдайды, тапсырмаларды орындауда ұзақ уақыт қажет етеді және өздігінен шешім қабылдауда қиындық көреді. Сонымен қатар олардың мотивация деңгейі төмен болуы мүмкін.

Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу деп – бұл мамандардың (педагог, психолог, дефектолог, логопед) бірлескен әрекеті арқылы баланың дамуын қолдау жүйесі.

Сүйемелдеудің негізгі мақсаты:

- баланың дамуындағы қиындықтарды анықтау;
- жеке білім беру траекториясын құру;
- әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету;
- тұлғалық дамуын қолдау.

Сүйемелдеу кешенді және жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Психикалық дамуы тежелген балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жолдары мынадай:

- Тәрбиелеу мен оқытудың түзету-дамыту бағыттылығы, ол баланың жалпы дамуына да, сонымен қатар жеке дамуындағы кемшіліктердің орнын толтыруға ықпал етеді;

- Білім беру үдерісін ПДТ баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, ұйымдастыру. Бұл қажеттіліктер баланың даму ерекшеліктерін және оның құзыреттіліктерін арнайы психологиялық-педагогикалық зерттеу барысында анықталады;

- Баланың денсаулық жағдайы мен жүйке жүйесінің функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, топта арнайы білім беру ортасы мен қолайлы психологиялық микроклимат қалыптастыру;

- Мұғалім-дефектологтың, логопед-мұғалімнің, педагог-психологтың, тәрбиешілердің, музыка жетекшісінің және дене шынықтыру нұсқаушысының жұмысының сабақтастығын қамтамасыз ету;

- Оқу материалын «қадамдап» ұсыну, ересек тарапынан көрсетілетін көмекті мөлшерлеу, баланың мүмкін болатын ең төменгі деңгейге жетуіне және өздігінен әрекет етуіне мүмкіндік беретін арнайы әдістерді, тәсілдерді және құралдарды қолдану;

- Арнайы ұйымдастырылған жағдайларда баланың дамуын және бағдарламаны меңгеру сапасын үздіксіз мониторинг жүргізу;

- Отбасы мен оңалту орталығы арасындағы нәтижелі өзара әрекеттестікті қалыптастыру, отбасы ресурстарын белсендіру; ПДТ баланың отбасын мамандар тобының кешенді сүйемелдеуі.

Ал, психикалық дамуы тежелген балалардың білім беру қызметінің мазмұны:

### ***1. Әлеуметтік-коммуникативтік даму.***

- Әлеуметтену, қарым-қатынасты дамыту, адамгершілік және патриоттық тәрбие. ПДТ балалардың білім беру бағдарламасын меңгеруіне ықпал ететін бейімделген білім беру ортасын қамтамасыз ету; баланың оң өзін-өзі бағалауын, өз мүмкіндіктеріне деген сенімділігін қалыптастыру және қолдау; әлеуметтік қатынастар мәдениетінің мотивациялық-қажеттілік, когнитивтік-интеллектуалдық және іс-әрекеттік компоненттерін қалыптастыру; баланың әрекеті мен мінез-

күлкінің еріктілігін (дербестік, мақсаттылық, өзін-өзі реттеу) дамытуға ықпал ету [3].

- Өзін-өзі күту, дербестік, еңбекке тәрбиелеу. Әртүрлі еңбек түрлері мен шығармашылыққа жағымды қатынас қалыптастыру; құрдастарымен бірлескен еңбек әрекетіне дайындықты қалыптастыру; түрлі еңбек түрлеріне қатысу барысында дербестік, мақсаттылық және өзін-өзі реттеу қабілеттерін дамыту; ересектер еңбегіне құрметпен қарауды және отбасы мен балалар мен ересектер қауымдастығына тиесілілік сезімін қалыптастыру. Бұл мазмұн балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне, ерекше қажеттіліктеріне және денсаулық мүмкіндіктеріне қарай сараланады [3].

- Қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру. Әрекеттердің, қызметтің және мінез- құлықтың салдарын болжай алумен байланысты әлеуметтік интеллектті дамыту; белсенділік жағдайында қауіпсіз әрекет тәсілдерін таңдай алу қабілетін қалыптастыру.

## **2. Сөйлеу тілін дамыту.**

- Сөйлеуді дамыту. Ауызша сөйлеудің функционалдық негізін қалыптастыру, оның моторлық және сенсорлық компоненттерін дамыту.

- Сөйлеу мотивациясын дамыту. Тілдік материалмен бағдарлық әрекеттер тәсілдерін қалыптастыру; сөйлеуді ойлау әрекетімен өзара байланыста дамыту; сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; сауат ашуға алғышарт ретінде дыбыстық талдау-жинақтау белсенділігін дамыту.

Білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру үшін баланың сөйлеу тілінің бастапқы даму деңгейін анықтау қажет.

## **3. Танымдық даму.**

Сенсорлық эталондарды меңгеру барысында талдаушы қабылдауды дамыту; білім беру қызметінің тиімділігін арттыратын ақыл-ой әрекеттері жүйесін қалыптастыру; танымның мотивациялық-қажеттілік, когнитивтік-интеллектуалдық және іс-әрекеттік компоненттерін дамыту; баланың математикалық қабілеттері мен ойлау операцияларын жетілдіру; танымдық белсенділік пен қызығушылықты дамыту; оқу әрекетінің алғышарттарын қалыптастыру.

## **4. Көркем-эстетикалық даму.**

Бейнелеу және конструктивтік әрекеттер барысында баланың танымдық қызығушылықтары мен танымдық әрекеттерін, бақылағыштығын қалыптастыру; бейнелеу дағдыларын дамыту негізі ретінде сенсомоторлық координацияны жетілдіру; бейнелеу әрекетінің әртүрлі техникаларын меңгеру; көркемдік талғамды дамыту; бейнелеу және конструктивтік әрекеттердің түрлі түрлерін дамыту; қоршаған әлемге эстетикалық қатынасты және шығармашылық қабілеттерді қалыптастыру; бейнелеу өнері туындыларын құндылықтық-мағыналық тұрғыда қабылдау мен түсінудің алғышарттарын дамыту; көркем- эстетикалық мәдениеттің негіздерін, бейнелеу өнері және оның жанрлары туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру; көркем шығармалар кейіпкерлеріне эмоциялық қатынас пен жанашырлық сезімін дамыту; туған өлке мен Отанның көркем мәдениеті туралы, сондай-ақ әлем халықтарының көркем мәдениетін бейнелеу тәсілдерінің бірлігі мен алуан түрлілігі туралы түсініктер қалыптастыру. Аталған мазмұн балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне, ерекше қажеттіліктері мен денсаулық мүмкіндіктеріне қарай сараланады [4].

## **5. Музыкалық қызмет.**

Музыкалық-ырғақтық қабілеттерді музыкалық әрекеттің негізі ретінде дамыту; эстетикалық сезімдерді, музыкалықты және эмоциялық жауап беру қабілетін қалыптастыру; музыкалық шығармаларда берілген көңіл-күйді сезінуге ынталандыру; есту

зейінін және дыбыс биіктігін қабылдауды дамыту; дауыстың интонациялық,

тембрлік және күштік сипаттамаларын жетілдіру [5].

Білім беру қызметінің мазмұны балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктеріне байланысты сараланады.

#### **6. Физикалық даму.**

**Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.** Әрбір баланың психофизиологиялық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан толыққанды дамуына тең мүмкіндіктер жасау; ата-аналарға балалардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтау мен нығайтуда көмек көрсету [6].

#### **7. Дене тәрбиесі.**

Жалпы және ұсақ моториканы дамыту; қозғалыс әрекеттерінің еріктілігін (дербестік, мақсаттылық, өзін-өзі реттеу) қалыптастыру; баланың қозғалыс белсенділігі мен мінез-құлқын дамыту; жылдамдық, күш, төзімділік және қозғалыс ұзақтығымен байланысты сапаларды, сондай-ақ координациялық қабілеттерді қалыптастыру [5].

Осылайша, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу барлық білім беру салаларында жүзеге асырылады, сондай-ақ арнайы түзету-дамыту бағытындағы топтық және жеке сабақтар арқылы іске асырылады. Бағдарлама тек оңалту орталықтарында ғана емес, сонымен қатар компенсаторлық, аралас және жалпы дамыту бағытындағы топтарда да жүзеге асырылады. Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) баланы инклюзивті топта оқыту жағдайында сүйемелдеу педагогтері түзету-дамыту блогының мазмұнын ескере отырып, баланың жеке білім беру бағдарламасын бейімдейді.

Қорыта келе, психикалық дамуы тежелген балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу – олардың толыққанды дамуының негізгі шарты болып табылады. Бұл процесс кешенді, жүйелі және мамандардың бірлескен әрекетін талап етеді. психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балаларға дұрыс ұйымдастырылған қолдау көрсету арқылы олардың оқу жетістіктерін арттыруға, әлеуметтік бейімделуін жақсартуға және болашақта қоғамға

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Винник М.О. Задержка психического развития у детей: методологические принципы и технологии диагностической и коррекционной работы / М.О. Винник. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2007. – 154 с.

2. Актуальные проблемы диагностики задержки психического развития детей / Под ред. К.С. Лебединской. – М.: Педагогика, 1982.

3. Богомягкова О.Н. Психолого-педагогическая коррекция общения старших дошкольников с задержкой психического развития в связи с особенностями их интегральной индивидуальности: дис. канд. ... пед. наук. – Екатеринбург, 2006. – 249 с.

4. Екжанова Е.А. Изобразительная деятельность в системе воспитания и обучения дошкольников с умственной недостаточностью: Умственно отсталые дети и дети с задержкой психического развития: дис. ... д-ра пед. наук. – М., 2003. – 372 с.

5. Кретьева В.В. Система психолого-педагогического сопровождения ребёнка дошкольного возраста с ограниченными возможностями здоровья / В.В. Кретьева, О.Г. Шмидт // Преемственность в образовании. – 2017. – Т. 1. - №16. – С. 94 – 107.

6. Карпушкина Н.В., Конева И.А., Калягина Ю.Е. К проблеме эмоционального развития старших дошкольников с задержкой психического развития // Проблемы современного педагогического образования. - 2017. - №57-4. - С. 283 - 291.

